Бекітемін: ________
«Авиатор» МДУ меңгерушісі
Махамбетова Г.К.

# 2021 – 2022 оқу жылының перспективалық жоспары

## «Авиатор» ересек тобы

**ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАР**
**Қыркүйек айы**
**Өтпелі тақырып:** «Балабақша»
**Мақсаты:** Балалардың бойында балабақшаға, достарына сүйіспеншілік сезімді қалыптастыру, бірлескен әрекетке қызығушылықты дамыту.

| Апта | **«Денсаулық» -3**<br>Дене шынықтыру -3 | **Коммуникация-2,5**<br>Сөйлеуді дамыту-1<br>Көркем әдебиет -1<br>Орыс тілі -0,5 (I;III) | **Таным- 2.5**<br>Математика негіздері-1<br>Жаратылыстану-1<br>Құрастыру-0,5 (II-IV) | **Шығармашылық- 3,5**<br>Сурет салу-1<br>Жапсыру-0,5 (II;IV)<br>Мүсіндеу-0,5 (II;IV)<br>Музыка – 1,5 (I;III) | **Әлеумет-0.5**<br>Қорш. орта тан.-0,5 (II;IV) |
|---|---|---|---|---|---|
| **I апта** | **Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы:** «Біздің спортзал»<br><br>**Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы:** «Біз азырақ сергідік...»<br><br>**Дене шынықтыру (т.а.)**<br>**Тақырыбы:** «Футбол добымен танысамыз» | **Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы:** «Білімің бұлағың» (өлеңмен танысу) Ақылбек Шаяхметов<br>**Міндеті:** Балабақшаға, мектепке бара жатқан балалардың қуанышты сәттерін әңгімелеу. «Білімің – бұлағың» өлеңін оқып, сөз мағыналарын түсіндіру. Барлық адамдардың, ақын да, ғалым да – бәрі мектептен, балабақшадан білім алатыны туралы айтып беру. Өлең арқылы ақылды, білімді болып өсуге тәрбиелеу.<br><br>**Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы:** «Күз»<br>**Міндеті:** «Күз» тақырыбына шығармашылық әңгіме | **Математика негіздері**<br>**Тақырыбы:** «Бір және көп. Үлкен және кіші. Шеңбер.»<br>**Міндеті:** «бір және көп» ұғымдарын қалыптастыру. Заттарды өлшемі (үлкен, кіші) бойынша салыстыру дағдыларын дамыту. Геометриялық пішіндер туралы білімдерін бекіту.<br><br>**Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы:** «Бізді қоршаған табиғат»<br>**Міндеті:** Жанды және жансыз табиғат нысандары туралы білімдерін кеңейту. Көзбен қабылдау, фонематикалық есту қабілетін, есте сақтау қабілетін, зейінін дамыту. Қоршаған ортаға қызығушылықты | **Сурет салу**<br>**Тақырыбы:** «Терек бұталары».<br>**Міндеті:** Терек бұталары жайлы түсінік беру. Ағаштарды өзіндік ерекшеліктеріне байланысты бір-бірінен ажыратуға және терек бұталары суретін салуға үйрету. Таза, ұқыпты жұмыс жасауға тәрбиелеу.<br><br>**Музыка** | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | құрастыруға үйрету. Күз белгілері жайлы әңгімелесу, сөйлеу тілі қандай болатынын түсіндіру, балалардың сөйлеу және ойлау қабілетін дамыту. Балаларды еңбек етуге тәрбиелеу.<br><br>**Орыс тілі**<br>**Тема:** «Мой детский сад» | тәрбиелеу. | | |
| **II апта** | **Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы:** «Біз епті балалармыз»<br><br>**Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы:** «Түрлі-түсті кегельдер»<br><br>**Дене шынықтыру (т.а.)**<br>**Тақырыбы:** «Ойна, көңіл көтер» | **Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы**: «Күз – жомарт» (өлеңді жаттау) Ермек Өтетілеуұлы<br>**Міндеті:** Күздің ерекшеліктері туралы алған білімдерін толықтыру. Күз байлығы, оның алуан түрлілігі туралы айтып, өлеңді дауыс ырғаған келтіре оқып жеткізу. Күз байлығы адамдардың еңбегімен келетінін ұғындыру, оны бағалай білуге тәрбиелеу.<br><br>**Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы**: «Қорыққанға қос көрінеді» ертегі<br>**Міндеті:** Ертегіне соңына дейін тыңдауға үйрету. «Г», «к» дыбыстарымен таныстыру; балалардың | **Математика негіздері**<br>**Тақырыбы:** «Заттар тобын салыстыру. Оң жақ – сол жақ»<br>**Міндеті:** 2-3 санды салыстыру, үлгі бойынша санау; уақыт және кеңістікте бағдарлай алу дағдыларын қалыптастыру; өзін-өзі бақылау, өзін-өзі бағалауларын дамыту.<br><br>**Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы:** «Алтын күз келді!»<br>**Міндеті:** Табиғаттағы маусымдық өзгерістер туралы, жыл мезгілдері туралы түсініктерін қалыптастыру.<br>Табиғаттағы ауа райының жайын бақылауды және бақылау нәтижелерін | **Сурет салу**<br>**Тақырыбы:** «Күзгі орман»<br>**Міндеті:** Қылқаламмен және бояумен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру, сүйкей жағу арқылы қағаз бетіне дақ түсіру кезінде қолдың қимыл – қозғалысын дамыту. Ұқыпты жұмыс істеуге үйрету. Тиянақтылыққа тәрбиелеу.<br><br>**Жапсыру**<br>**Тақырыбы:** «Күзгі жапырақтар»<br>**Міндеті:** Табиғат құбылыстары туралы түсінігін кеңейту, қағазды қатпарлап бүктеу арқылы қию дағдыларын жетілдіру. Заттарды дұрыс | **Қоршаған ортамен танысу**<br>**Тақырыбы:** «Үйдегі қауіпсіздік»<br>**Міндеті:** Балаларға үйдегі қауіпсіздік ерекшеліктерін түсіндіру. Өмір қауіпсіздігі ережелерін сақтауға тәрбиелеу; қауіпті жағдайларды ескере отырып, үлкендердің айтқанын тыңдауға баулу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | сөйлеу шеберлігін, сөздік қорларын дамыту. Баланы өжеттілікке, батырлыққа тәрбиелеу. | табиғат күнтізбесіне белгілей білуді үйрету. Құрдастарына достық қарым-қатынасты тәрбиелеу.<br><br>**Құрастыру**<br>**Тақырыбы:** «Көп қабатты үйлер»<br>**Міндеті:** кірпіштерді тігінен және көлденеңінен орналастыру тәсілдерін қолдана отырып көп қабатты үйлерді құрастыруды үйрету, үлгі бойынша құрастыру арқылы ойлау қабілеттерін дамыту. | орналастыруға үйрету, көркем сөйлеу тілін дамыту. Қол қимылдарын арттыру, табиғатты сүюге, еңбекке, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br><br>**Мүсіндеу**<br>**Тақырыбы:** «Алма мен алмұрт»<br>**Міндеті**: күзде пісетін жемістер туралы түсінік беру; алма мен алмұртты салыстыру арқылы пішініндегі айырмашылықты анықтау; ермексазды домалақтау, созу тәсілдерін қайталау; сөйлеу тілін дамыту; қолдың ұсақ моторикасын дамыту, табиғатты аялауға тәрбиелеу.<br><br>**Музыка** | |
| **III апта** | **Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы:** «Көгалда»<br><br>**Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы:** «Күзгі гүлшоғы»<br><br>**Дене шынықтыру (т.а.)**<br>**Тақырыбы:** «Біз ойнағанды жақсы көреміз» | **Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы**: «Кішкентай бағбан» (әңгімелеу) Мәдіхат Төрежанов<br>**Міндеті:** Әңгімені оқып беріп таныстыру арқылы балалардың зейінін аударып, қызығушылын арттыру. Бағбан туралы түсінік бере отырып, бақтағы жұмыспен таныстыру. Әңгіме | **Математика негіздері**<br>**Тақырыбы:** «Сан мен заттың саны арасындағы сәйкестікті табу. Үлкен, кіші, кішкентай. Шаршы.»<br>**Міндеті:** заттар саны мен цифр арасындағы байланысты қою; «үлкен, кіші, кішкентай» өлшемдері, әртүрлі өлшемдегі шаршы туралы ұғымдарын қалыптастыру. | **Сурет салу**<br>**Тақырыбы:** «Тостаған»<br>**Міндеті:** Балалардың шығармашылық қабілетін дамыту, заттың пішіндері туралы білімдерін жетілдіру, қылқаламды пайдалана отырып затты безендіруді үйрету, тостаған туралы білімдерін бекіту, жұмысты орындау | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | арқылы ойын қиялымен ұштастыра айтуға баулу. Табиғатты сүюге тәрбиелеу.<br><br>**Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы**: Сөз, буын. Өрмекші, құмырсқа және қарлығаш. (Ы.Алтинсарин әңгімесі)<br>**Міндеті:** Әңгімені оқып беріп таныстыру арқылы балалардың зейінін аударып, қызығушылын арттыру. Бағбан туралы түсінік бере отырып, бақтағы жұмыспен таныстыру. Әңгіме арқылы ойын қиялымен ұштастыра айтуға баулу. Табиғатты сүюге тәрбиелеу.<br><br>**Орыс тілі**<br>**Тема:** «Игрушки» | **Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы:** «Мол өнім»<br>**Міндеті:** Көкөністер мен жемістер туралы түсініктерін кеңейту. Бақша өсімдіктерін өсіру, оларға күтім жасауға қызығушылықтарын қалыптастыру. Табиғатқа қамқор қарым-қатынасты тәрбиелеу. | барысында икемділікке, ұқыптылыққа, жинақтылыққа тәрбиелеу.<br><br>**Музыка** | |
| **IV апта** | **Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы:** «Көгалдағы ойындар»<br><br>**Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы:** «Түрлі-түсті жалаулар»<br><br>**Дене шынықтыру (т.а.)**<br>**Тақырыбы:** «Сымбатты дене» | **Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы:** «Жемістер жыры» (өлеңді жаттау) Рза Қунақова<br>**Міндеті:** Өлең мазмұнын ашу. Өлең ырғағын келтіре отырып, тіл ерекшелігін, көркем сөздерін түсіну, әр шумағын қайталау барысында ойлау | **Математика негіздері**<br>**Тақырыбы:** «Сандарды салыстыру. Тәулік бөлігі. Сол жағында, ортасында, оң жағында.»<br>**Мақсаты:** 4 көлемінде санау дағдыларын, тәулік бөліктері, заттардың орналасуы (сол жақта, ортасында, оң жақта) туралы білімдірін | **Сурет салу**<br>**Тақырыбы:** «Торсық»<br>**Міндеті:** Балалардың торсық жайлы білімдерін арттыру. Торсықты дұрыс сала білуді үйрету. Таза, ұқыпты жұмыс жасауға тәрбиелеу.<br><br>**Жапсыру**<br>**Тақырыбы:** | **Қоршаған ортамен танысу**<br>**Тақырыбы:** «Көшедегі қауіпсіздік»<br>**Міндеті:** Көшедегі қауіпсіздік ережелерін қайталау, балаларды өмірлік қауіпсіздік ережелеріне үйретуді жалғастыру. Қоғамдық және жеке көліктердегі |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | қабілетін дамыту. Жемісердің пайдасы туралы айтып, құрамындағы дәрумендері туралы түсініктерін кеңейту. Табиғатты сүюге, қорғауға тәрбиелеу.<br><br>**Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы:** «Менің сүйікті ойыншығым»<br>**Міндеті:** Ойыншықтардың суретіне қарап әңгіме құрастыра білуге, «д», «т» дыбыстарын дұрыс айтуға үйрету. Тілдерін дамыту. Ойыншықтарды бөлісіп, ұжыммен ойнауға тәрбиелеу. тәрбиелеу**.** | қалыптастыру.<br><br>**Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы:** «Дастарханға нан қайдан келеді?»<br>**Міндеті:** Дәнді дақылдарды өсіру туралы түсініктерін қалыптастыру, нан және оны пісіру туралы білімдерін кеңейту. Балалардың білімге құштарлығын, зерттеу әрекетіне ұмтылысын дамыту. Ересектердің еңбегіне құрмет сезімін тәрбиелеу.<br><br>**Құрастыру**<br>**Тақырыбы:** «Кітапша»<br>**Міндеті:** Қағаздан құрастыруға үйрету, қағаздың тікбұрышты парағын жартысынан бүктеп бұрыштарды және тараптарды біріктіру, бөліктің негізігі түріне желімдеу. Ұқыпты жұмыс жасай білуге тәрбиелеу. | «Саңырауқұлақ»<br>**Міндеті:** Балалардың геометриялық пішіндерді (дөңгелек, шаршы, тіктөртбұрыш, сопақша) қию әдістерін меңгеру дәрежесін арттыру. Кеңістікте орналастыра білуге үйрету, баланың ой-қиялын дамыту. Қол, саусақ қимылдарын жетілдіру, табиғат әсемдігін көре білуге тәрбиелеу.<br><br>**Мүсіндеу.**<br>**Тақырыбы:** «Бақшадағы қызанақ пен қияр»<br>**Міндеті:** көкөністің адам ағзасына пайдасы туралы мағлұмат беру; көкөніс түрлері туралы білімдерін дамыту; ермексазды алақан арасына салып есу, домалақтау тәсілдерін меңгеру, тілдерін дамыту, саусақтың ұсақ бұлшық еттерінің қозғалысын жетілдіру, көкөністі жуып жеуге, тазалық сақтауға тәрбиелеу.<br><br>**Музыка** | тәртіп сақтау заңдылықтары туралы түсініктерін дамыту. Жолда жүру ережелерін орындауға, тәртіпке үйрету. |

**Қазан айы**

**Өтпелі тақырып:** «Жомарт күз»

**Мақсаты:** күз мезгілі туралы, күздің белгілері, күздің жомарттылығы мен мырзалығы туралы түсінік беру.

| Апта | «Денсаулық» -3<br>Дене шынықтыру -3 | Коммуникация-2,5<br>Сөйлеуді дамыту-1<br>Көркем әдебиет -1<br>Орыс тілі -0,5 (I;III) | Таным- 2.5<br>Математика негіздері-1<br>Жаратылыстану-1<br>Құрастыру-0,5 (II-IV) | Шығармашылық- 3,5<br>Сурет салу-1<br>Жапсыру-0,5 (II;IV)<br>Мүсіндеу-0,5 (II;IV)<br>Музыка – 1,5(I;III) | Әлеумет-0.5<br>Қорш. орта тан.-0,5 (II;IV) |
|---|---|---|---|---|---|
| **I апта** | **Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы:** «Орман жұмбақтары»<br><br>**Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы:** «Маймылмен ойнаймыз»<br><br>**Дене шынықтыру (т.а.)**<br>**Тақырыбы:** «Жіппен ойнаймыз» | **Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы:** «Шаруа мен Аю» (орыс халық ертегісі)<br>**Міндеті:** Ертегі мазмұнын жете түсіндіріп, оны тыңдауға қызығушылығын ояту. Өз ойын қиялымен ұштастыра отырып, жағымды-жағымсыз кейіпкерлерді өздігінен ажырата білуге үйрету. Ертегі арқылы балаларды еңбекті сүйе білуге тәрбиелеу.<br><br>**Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы:** Ойыншықтар әлемінде<br>**Міндеті:** Балаларды ұқыптылыққа, жинақылыққа баулу. «Ойыншықтар әлемінде» ойыны кезіндегі сатушы мен сатып алушының қарым – қатынасы арқылы | **Математика негіздері**<br>**Тақырыбы:** 1 саны мен цифры. Сол жағында, оң жағында. Шеңбер мен шаршы.<br>**Міндеті:** 1 цифрымен таныстыру; заттардың кеңістікте орналасуы (сол жақта, оң жақта, ортасында), шеңбер, шаршы туралы білімдерін бекіту. Балалардың бойында тәртіптілік, жауапкершілік сезімдерін тәрбиелеу.<br><br>**Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы:** «Аяғы бар саңырауқұлақтар»<br>**Міндеті:**<br>Саңырауқұлақтардың 2-3 түрін ажырату және атай алу дағдысын қалыптастыру. Қарапайым жаратылыстану ғылымдық түсініктерін | **Сурет салу**<br>**Тақырыбы:** «Жаңбырлы күн»<br>**Міндеті:** Балаларды табиғат құбылыстарын бақылай отырып өз сезімдерін бейнелей білуге үйрету, жаңбыр тамшыларын қағаз бетіндегі жазықтықты дұрыс пайдалана отырып түсіруге жаттықтыру, бейнелеген заттарын музыка әуенімен қимыл-қозғалыста үйлестіре білуге бағттыау, ептілік пен жинақылыққа тәрбиелеу.<br><br>**Музыка** | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | әдептілікке үйрету. Ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br><br>**Орыс тілі**<br>**Тема:** «Осень пришла» | дамыту. Өсімдіктер әлеміне қамқор және мейірімді қарым-қатынасын, зейін салуын, танымдық қызығушылығын тәрбиелеу. | | |
| **II апта** | **Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы:** «Әдемі болайық»<br><br>**Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы:** «Ерекше шар»<br><br>**Дене шынықтыру (т.а.)**<br>**Тақырыбы:** «Организмді шынықтырамыз» | **Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы:** Менің ойыншықтарым (өлеңді жаттау) Музафар Әлімбаев<br>**Міндеті:** Өлеңді оқи отырып, сөздердің мағыналарын түсіндіру. Өлең мазмұныны айтқызу арқылы ойыншыққа деген қамқорлық, сүйіспеншілік, аяушылық сезімін ояту. Ойыншықтарды күтіп ұстауға тәрбиелеу.<br><br>**Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы:** «Бақша және бақ» (жемістер мен көкөністер арқылы оқыту ойыны)<br>**Міндеті:** Балалардың сөздік қорын заттың сапасы мен құрамын білдіретін (көлемін, түсін, пішінін) сөздермен байыту, балалардың сөздігіне көкөніс пен жеміс туралы жалпы түсінікті білдіретін | **Математика негіздері**<br>**Тақырыбы:** 1 цифры. Жылдам-баяу. Үшбұрыш.<br>**Міндеті:** 1 цифры туралы білімдерін бекіту; «жылдам, баяу» ұғымдарын, әртүрлі өлшемдегі үшбұрыштар туралы білімдерін қалыптастыру. Тапсырманы тиянақты орындауға тәрбиелеу.<br><br>**Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы:** «Ағаштар мен бұталар»<br>**Міндеті:** Табиғаттың жанды нысандары туралы түсініктерін жүйелеу. Балабақша аумағындағы және жақын маңайдағы өсімдіктерді (ағаштар мен бұталар) ажырату және атай білу дағдыларын дамыту. Өсімдіктер әлеміне қызығушылығын тәрбиелеу.<br><br>**Құрастыру** | **Сурет салу**<br>**Тақырыбы:** «Қоржынды сәндейміз»<br>**Міндеті:** Қазақтың үй бұйымы – қоржынмен таныстыру, қоржын туралы білімдерін одан әрі жетілдіру, қоржынды безендіре білуге үйрету, эстетикалық талғамдарын дамыту, тиянақтылық пен ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br><br>**Жапсыру**<br>**Тақырыбы:** «Бұлттар»<br>**Міндеті:** Балаларға қолмен жырту әдісін үйрету. Қағаз бетіне бейнені дұрыс орналастыра білу машығына баулу, шығармашылқ қабілеттерін дамыту. Табиғатты сүюге, әсемдікке тәрбиелеу.<br><br>**Мүсіндеу**<br>**Тақырыбы:** «Жолдағы кірпі» | **Қоршаған ортамен танысу**<br>**Тақырыбы:** «Жол белгілері»<br>**Міндеті:** Жаяу жүргіншілер ережесімен таныстыру; жол белгілері туралы түсінік беру; өмір қауіпсіздігі ережелерін қайталап естеріне түсіру. Жол белгілерін ажырата білуді үйрету. Көшедегі қауіпсіздік ережелерін үнемі сақтап жүруге тәрбиелеу; ұқыпты, мәдениетті болып өсуге баулу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | сөздерді енгізу. Сөздік қорын дамыту және дыбыстарды анық айтуға баулу, ауызша сөйлеуін дамыту. Еңбек сүйгіштікке, Отанға деген сүйіспеншілігін арттыру. | **Тақырыбы:** «Қаңқыз» **Міндеті:** қалдық заттардан құрастыру дағдыларын қалыптастыру, қалдық заттарды сапасына, көлеміне қарай пайдалана білуге үйрету; түрлі заттар жасауға баулу, жәндіктер туралы білімдерін толықтыру. | **Міндеті:** балаларға кірпі туралы мағлұмат беру; ермексаз бен шемішкіні (пісте) пайдаланып, кірпі пішінін жасауды меңгерту; ермексазды алақан арасына салып домалақтай алу тәсілін үйретуді жалғастыру; тілдерін дамыту, саусақтың ұсақ бұлшық еттерінің қозғалысын жетілдіру, жануарларды қорғауға тәрбиелеу.<br><br>**Музыка** | |
| **III апта** | **Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы:** «Қоянға сауығып кетуге көмектесейік»<br><br>**Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы:** «Мұқият болайық»<br><br>**Дене шынықтыру (т.а.)**<br>**Тақырыбы:** «Түрлі-түсті кілемшелер» | **Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы:** Менің елімнің рәміздері (өлеңді жаттау) Нұрлан Қалта<br>**Міндеті:** Өлеңді дауыс ырғағын келтіре оқу, мазмұнын ашу. Балаларды еліміздің рәміздерін қастерлеуге, туған жерін, Отанын сүюге тәрбиелеу. Имандылық, адамгершілік тәрбиесіндегі үлгі өнеге сөздерді үйретіп, елді қорғауға баулу.<br><br>**Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы:** Ит және оның кішкентай күшіктері (Сурет бойынша әңгімелеу) | **Математика негіздері**<br>**Тақырыбы:** 2 саны мен цифры. Үшбұрыш. Қысқа-ұзын. Жақын-алыс.<br>**Міндеті:** 2 цифрымен таныстыру. «Алыс», «жақын», «қысқа», «ұзын» ұғымдарын айыра білуге және үшбұрыш туралы білімін нығайту, оны өзге пішіндердің арасынан табуды үйрету. Өзара көмек сезімін тәрбиелеу.<br><br>**Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы:** «Алтын жапырақ төккен күз»<br>**Міндеті:** Күз мезгіліндегі табиғат құбылыстарын (жапырақтардың түсуі) | **Сурет салу**<br>**Тақырыбы:** «Автобус»<br>**Міндеті:** Түрлі-түсті бояудың көмегімен, геометриялық фигураларды пайдаланып автобустың суретін салуды үйрету, сурет салу дағдыларын қалыптастыру, достыққа, татулыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br><br>**Музыка** | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | **Міндеті:** Сурет мазмұнына қарай әңгіме құру біліктерін жетілдіру. Бала бойында сөйлеу және тыңдай білу, сұраққа жауап беру қабілеттерін дамыту. «Ф» дыбысына артикуляциялық жаттығу жасату; ересектермен қарым-қатынас дағдысын дамыту. Үй жануарларына деген сүйіспеншіліктерін арттыру, оларға қамқорлық жасауға үйрету.<br><br>**Орыс тілі**<br>**Тема:** «Фрукты» | бақылау, бақылау нәтижелерін табиғат күнтізбесіне түсіре білу дағдыларын қалыптастыру. Табиғат құбылыстарына танымдық қызығушылықтарын ояту. Достық қарым-қатынастарын, табиғатқа деген қамқор көзқарасын тәрбиелеу. | | |
| **IY апта** | **Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы:** «Орамал»<br><br>**Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы:** «Түрлі-түсті орамалдар»<br><br>**Дене шынықтыру (т.а.)**<br>**Тақырыбы:** «Достармен бірге ойнаймыз» | **Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы**: «Арыстан мен тышқан» (ертегі)<br>**Міндеті:** Балаларға ертегіні оқып беріп таныстыру арқылы ойлау қабілетін дамыту. Ертегінің мазмұнын, басты кейіпкерлердің мінез-құлқына баға бере отырып, өз ойларын жеткізе білуге баулу. Өз түсініктерін кейіпкерлендіру арқылы көрсете білуге дағдыландыру. Бір – біріне қамқор болуға, | **Математика негіздері**<br>**Тақырыбы:** 2 саны мен цифры. Жақын-алыс.<br>**Міндеті:** 2 цифры мен саны туралы өткенді пысықтау. «Алыс», «жақын» ұғымдарын айыра білуге үйрету. Логикалық ойлауын дамыту.<br><br>**Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы:** «Қанатты достар»<br>**Міндеті:** Қыстап қалатын құстар мен жыл құстары туралы жинақталған | **Сурет салу**<br>**Тақырыбы:** «Астық жинау»<br>**Міндеті:** Балаларға сопақша дөңгелектерді қолдана отырып бидай масақтарын салуды үйрету, өз ойларынан және педпгогтың әңгімесіне сәйкес белгілі мазмұн бере отырып ұқыпты жұмыс жасауға дағдыландыру, шығармашылықпен сурет сала білуге баулу, астықты, дәнді дақылдарды құрметтей | **Қоршаған ортамен танысу**<br>**Тақырыбы:** «Нан дастарханға қалай келеді?»<br>**Міндеті:** Ұннан жасалған тағамдар туралы әңгімелеу. Диқан мен наубайшылардың еңбегі жайлы түсіндіру. Диқаншы еңбегі туралы білімдерін толықтыру. Нанды қастерлеуге, ысырап қылмауға тәрбиелеу, үлкендердің еңбегін бағалауға баулу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | адалдыққа, шыншылдыққа тәрбиелеу.<br><br>**Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы**: «Түлкі мен қоян» (ертегі)<br>**Міндеті:** Ертегінің мазмұнын айтуға, дыбыстық талдау жасауға үйрету. Ауызекі сөйлеулерін дамыту; сұраққа жауап беру қабілеттерін дамыту. Балаларды батырлыққа, өжеттілікке тәрбиелеу. | түсініктерін қалыптастыру. Құстардың дене құрылысы туралы ұғымдарын кеңейту. Құстарға ізгі көзқарастарын тәрбиелеу.<br>**Құрастыру**<br>**Тақырыбы:** «Жапырақтардан жасалған балықтар»<br>**Міндеті:** табиғи материалдардың қасиеттерімен таныстыру, балаларды жапырақтан түрлі заттар даярлауға баулу, үйрету, табиғи материалдарды дұрыс пайдаланып, ұқыпты жұмыс жасай білуге тәрбиелеу. | білуге тәрбиелеу.<br><br>**Жапсыру**<br>**Тақырыбы:** «Кемпірқосақ»<br>**Міндеті:** Табиғат құбылыстары туралы түсініктерін жетілдіру. Доғал сызық бойымен қиюды үйретуді жалғастыру, қайшыны дұрыс қолдана білу, желімді ұқыпты пайдаланау дағдысын бекіту, саусақтардың маторикасын дамыту. Логикалық ойлау, сете сақтау қабілетін дамыту, табиғатты сүюге, ұқыптылыққа, тиянақтылыққа тәрбиелеу.<br><br>**Мүсіндеу**<br>**Тақырыбы:** «Кірпілер»<br>**Міндеті:** кірпілер туралы мағлұмат беру; ермексазды алақан арасына және жазықтықта домалақтау арқылы кірпіні мүсіндеуді үйрету; есте сақтау мен сөйлеу тілдерін дамыту; саусақтың ұсақ бұлшық еттерінің қозғалысын жетілдіру. Жануарларға қамқор болуға тәрбиелеу. | |

| | | | | Музыка | |
|---|---|---|---|---|---|

**Қараша айы**

**Өтпелі тақырып:** «Менің отбасым»

**Мақсаты:** Балалардың отбасы туралы түсініктерін туралы білім, білік, дағдыларын кеңейту. Отбасындағы жағымды өзара қарым-қатынас пен оларға деген сүйіспеншілік сезімдерін жетілдіру.

| Апта | **«Денсаулық» -3**<br>Дене шынықтыру -3 | **Коммуникация-2,5**<br>Сөйлеуді дамыту-1<br>Көркем әдебиет -1<br>Орыс тілі -0,5 (I;III) | **Таным- 2.5**<br>Математика негіздері-1<br>Жаратылыстану-1<br>Құрастыру-0,5 (II-IV) | **Шығармашылық- 3,5**<br>Сурет салу-1<br>Жапсыру-0,5 (II;IV)<br>Мүсіндеу-0,5 (II;IV)<br>Музыка – 1,5 (I;III) | **Әлеумет-0.5**<br>Қорш. орта тан.-0,5 (II;IV) |
|---|---|---|---|---|---|
| **I апта** | **Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы:** «Қуыршақтар: Айя, Майя, Серік пен Арман»<br><br>**Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы:** «Ғажайып сандық»<br><br>**Дене шынықтыру (т.а.)**<br>**Тақырыбы:** «Қонжық қалай шынықты?» | **Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы:** «Алтын астық» (өлеңді жаттау) Қосжан Мүсірепов<br>**Міндеті:** «Алтын астық» өлеңінің мазмұнын ашу, өлеңді дауыс ырғағымен келтіре оқып, әр шумағын қайталау арқылы жаттату. Астықты орып, жинау науқаны туралы балаларға айтып жеткізу. Еңбекке деген сүйіспеншілік сезімдерін ояту, еңбекті сүйе білуге тәрбиелеу.<br><br>**Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы:** «Шұбар тауық»<br>**Міндеті:** Балаларды оқылған шағын ертегі желісі бойынша ертегі мазмұнын айтып бере білуге үйрету, өз ойларымен бөлісе отырып, «т», «в» дыбыстарын анық | **Математика негіздері**<br>**Тақырыбы:** 3 саны мен цифры. 3 цифрын заттың санымен сәйкестендіру. Кеше, бүгін, ертең.<br>**Міндеті:** 3 цифрымен таныстыру; заттар санын цифрмен сәйкестендіру; тәулік бөліктері туралы білімін бекіту. Жауапкершілік сезімін тәрбиелеу.<br><br>**Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы:** «Құсхананы мекендеушілер»<br>**Міндеті:** Балалардың үй құстары туралы түсініктерін анықтау және кеңейту. Жанды нысанды сипаттай білу дағдысын, зейіні мен есте сақтау қабілетін дамыту. Табиғатқа қамқор, мейірімді көзқарасын тәрбиелеу. | **Сурет салу**<br>**Тақырыбы:** «Сазбалшықтан жасалған табақ»<br>**Міндеті:** Балаларға қазақ халқының ыдыстары туралы білім беру, ою-өрнек элементтерін қоладана отырып табақты сәндеуді үйрету, ұлттық көркемдік стилдің әліппесімен таныстыру, көркемдік талғамын дамыту, ұқыптылық пен жинақылыққа тәрбиелеу.<br><br>**Музыка** | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | айтуға жаттықтыру. Ертегі кейіпкерлерінің қимылын, дыбысын салдырып, кейіпкерлер бейнесін сомдау қабілеттерін дамыту; ертегіге деген қызығушылықтарын арттыру. Еңбекқорлыққа тәрбиелеу, жалқаулыққа бой алдырмауға баулу.<br><br>**Орыс тілі**<br>**Тема:** «Моя семья» | | | |
| **ІІ апта** | **Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы:** «Ойна, әрі шымыр бол!»<br><br>**Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы:** «Көңілді құртақандар»<br><br>**Дене шынықтыру (т.а.)**<br>**Тақырыбы:** «Футбол ойнауды үйренеміз» | **Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы:** Мақта қыз бен мысық (қазақ халық ертегісі)<br>**Міндеті:** Балалардың зейінін аударып, ертегіге деген қызығушылығын арттыру. Оның мазмұнын түсініп, өз ойын жеткізе білуге үйрету. Ертегі кейіпкерлерін рөлдерге бөліп, сахналау. Балаларды кішіпейілділікке мейірімділікке тәрбиелеу.<br><br>**Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы:** «З» және «с» Дыбыстары (Дыбыстық сөйлеу мәдениеті)<br>**Міндеті:** Балаларға «З» және «с» дыбыстарының | **Математика негіздері**<br>**Тақырыбы:** 1, 2, 3 цифрлары. Биік-аласа.<br>**Міндеті:** 1, 2, 3 цифрлары туралы білімдерін бекіту; зейіндерін дамыту. бір-біріне ұқсас екі суретті салыстыру арқылы балалардың зейінін дамыту; жануарларға деген сүйіспеншіліктерін тәрбиелеу.<br><br>**Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы:** «Жабайы және үй жануарлары»<br>**Міндеті:** Үй жануарлары және Қазақстан аумағында мекендейтін жабайы жануарлар туралы, үй жануарларына күтім көрсету ерекшеліктері, | **Сурет салу**<br>**Тақырыбы:** «Кесені әшекейлейміз»<br>**Міндеті:** Балалардың қазақтың ою-өрнектері туралы түсініктерін қалыптастыру. Кесені әшекейлегенде «тұмарша», «ирексу» ою-өрнек элементтерін пайдаланып салуды үйрету. Шығармашылық қабілеттерін дамыту.<br><br>**Жапсыру**<br>**Тақырыбы:** «Теңіз асты патшалығы»<br>**Міндеті:** Балық туралы балаларды білімдерін жетелеп тереңдету. Шеттерін қию, қию іскерліктерін жетілдіру, | **Қоршаған ортамен танысу**<br>**Тақырыбы:** Мен кіммін?<br>**Міндеті:** Баланы өзі жайлы толық түсінік беруге үйрету: өзінің аты-жөні, жасы, үйінің мекен жайы, балабақшаның номері, отбасы туралы отбасы мүшелерін түгел атап шығу олардың қайда және қандай жұмыс істейтіндерін білу. «Табиғат және мен» байланысы арқылы салауатты өмір салтына сәйкес білім беру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | дұрыс жазылуын көрсету және түсіндіру. Барлық дауысты жане дауыссыз дыбыстардың анық, таза, әрі түсінікті дыбыстап айта білу біліктерін дамыту; ізгі сөздерді күнделікті айта білуге дағдыландыру.<br>Үнемділікке тәрбиелеу. | жабайы жануарлардың қозғалыс тәсілдері, өмір қалпы туралы түсініктерін кеңейту. Ой белсенділігін, бақылау, талдау, тұжырымдар жасау дағдыларын дамыту. Тіршілік иелеріне ізгі қарым-қатынасты тәрбиелеу.<br><br>**Құрастыру**<br>**Тақырыбы:** «Көліктер»<br>**Міндеті:** құрастыру кезінде сәйкес белгілері бойынша бөлшектерді біріктіре білу және онымен ойнай отырып «Лего» конструкторлармен құрастыра білу дағдыларын қалыптастыру, көлік түрлері туралы түсініктерін қалыптастыру. | ірі бөлшектерді өзіне тән ұсақ бөлшектермен толықтыра отырып жапсыру дағдыларын қалыптастыру, шығармашылық қабілеттерін, қол бұлшық еттерін дамыту. Қамқорлыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br><br>**Мүсіндеу**<br>**Тақырыбы:** «Әдемі торғай»<br>**Міндеті:** құстың бөлшектерін дайындап, бөлшектерді бір-бірімен біріктіре алуды үйрету; құстар туралы білімдерін дамыту; саусақ икемділіктерін арттыру; сөйлеу тілдерін дамыту; саусақтың ұсақ бұлшық еттерінің қозғалысын жетілдіру; балаларды құстарға қамқорлық жасауға, мейірімділікке, еңбекке баулуға тәрбиелеу.<br><br>**Музыка** | |
| **III апта** | **Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы:** «Менің көңілді, ұшқыр добым» | **Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы:** Әдептілік әлемі (өлең оқу) Ермек Өтетілеуұлы | **Математика негіздері**<br>**Тақырыбы:** 3,4 цифрларын салыстыру. Кең-тар. Шаршы. | **Сурет салу**<br>**Тақырыбы:** «Құмған»<br>**Міндеті:** Құмған туралы білімдерін жетілдіру, | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы:** «Түрлі-түсті доптар»<br><br>**Дене шынықтыру (т.а.)**<br>**Тақырыбы:** «Түрлі-түсті сызықтар» | **Міндеті:** Өлеңді мәнелеп оқу, сөздердің мағыналарын түсіндіру. Өлең арқылы балалардың шығармашылық ойлау қабілеттерін дамыту, әдептілік туралы өз ойларын ашып айта білуге тәрбиелеу. Әдепті, кішіпейіл, мейірімді болуға тәрбиелеу.<br><br>**Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы:** Көжекпен ойналық (Дидактикалық ойын)<br>**Міндеті:** Сөйлемді толық құрауға, етістік сөздерді қолдана білуге үйрету, дыбысты анық айтуға дағдыландыру. Ойлау қабілеттерін дамыту, өз ойын еркін жеткізу дағдысын қалыптастыру. Жануарларға деген сүйіспеншілігін оятуға тәрбиелеу.<br><br>**Орыс тілі**<br>**Тема:** «Части тела. Правила личной гигиены» | **Міндеті:** заттар санын цифрмен сәйкестендіре алу<br>дағдыларын қалыптастыру; шаршыны зерттеу. Заттар тобының тең және тең еместігі туралы ұғымдарын<br>дамыту. Топпен жұмыс істей алуға тәрбиелеу.<br><br>**Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы:** «Жануарлар<br>**Міндеті:** Орман жануарларының тіршілік ету қалпы туралы түсініктерін кеңейту; жабайы жануарлардың қысқа дайындықтарымен танысу. Жабайы жануарлардың кейбір түрінің табиғат жағдайларында тіршілік етуі<br>туралы білімдерін кеңейту. Қарапайым, дербес тәжірибе іс-әрекеттерін ұйымдастыру арқылы балалардың түсініктерін дамыту. Білімге<br>құштарлық, жануарларға қамқорлық көрсетуге тәрбиелеу. | құмғанды сала білуге үйрету, сурет салу дағдыларын дамыту, қазақтың салт-дәстүріне деген қызығушылығын ояту, өз халқының қолөнеріне деген сүйіспеншілік сезімін тәрбиелеу.<br><br>**Музыка** | |
| **IY апта** | **Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы:** «Епті және | **Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы:** «Ақымақ | **Математика негіздері**<br>**Тақырыбы:** Заттар тобын | **Сурет салу**<br>**Тақырыбы:** «Ертегідегі | **Қоршаған ортамен танысу** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | күшті боламыз»<br><br>**Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы:** «Епті болайық»<br><br>**Дене шынықтыру (т.а.)**<br>**Тақырыбы:** «Спорт элементтері бар ойындар» | қасқыр» (ертегі)<br>**Міндеті:** Балаларға ертегіні оқып жеткізу арқылы ертегі кейіпкерлерінің жағымды-жағымсыз қасиеттерін көре білуге, өз ойларын жеткізе білуге баулу. Ертегі арқылы жануарларға қамқор болуға тәрбиелеу.<br><br>**Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы:** «Ақсақ құлан» (аңыз)<br>**Міндеті:** «Ақсақ құлан» аңызының мазмұнын мультфильм арқылы түсіндіру; «л», «р» дыбыстарымен таныстыру. Балалардың тілдік қорларын байыту, аңшылық туралы ұғымдарын кеңейту. Хайуанаттарға қастық жасамауға тәрбиелеу. | теңестіру.<br>**Міндеті:** үлгі бойынша санау дағдыларын қалыптастыру; санның, заттардың кеңістікте орналасуына тәуелсіздігін түсіну; кеңістікте бағдарлай алу. Көмекке ұмтылуға дайын болу.<br><br>**Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы:** «Төрт түлік»<br>**Міндеті:** Қазақстанда қолда өсірілетін түлік түрлері, үй жануарларына күтім жасау, олардың тіршілік қалпы туралы түсініктерін кеңейту. Құрдастарымен және ересектермен еркін қарым-қатынас барысында танымдық-зерттеушілік іс-әрекет дағдыларын дамыту. Жануарларға қамқор көзқарас, өзгелерге көмектесуге әзірлік, туған өлкенің табиғатына сүйіспеншілік сезімдерін тәрбиелеу.<br><br>**Құрастыру**<br>**Тақырыбы:** «Жүзім»<br>**Міндеті:** қағазбен жұмыс жасауға үйрету, қағаз парағын көлемді | құс»<br>**Міндеті:** Құстар туралы білімдерін жетілдіру, құстардың бейнесін қағаз бетіне түсіре білу біліктілігін машықтандыру, құстарға деген қамқорлық пен сүйіспенілікке баулу.<br><br>**Жапсыру**<br>**Тақырыбы:** «Құмырадағы гүл»<br>**Міндеттері:** Қағазды бірнеше бүктеу арқылы қию ісіне жаттықтыру. Затқа қарап жапсыру дағдыларын қалыптастыру, қол бұлшық еттерін дамыту. Математикалық ұғымдарын бекіту, сұлулықты сезіне білуге, әсемдікке тәрбиелеу.<br><br>**Мүсіндеу**<br>**Тақырыбы:** «Балық»<br>**Міндеті:** балық туралы мағлұмат беру; балықтың дене құрылысы туралы білімдерін кеңейту; ермексаз кесектерінен үзу, жаншу, созу тәсілдерін қолдана отырып балықты мүсіндей алуға үйрету; тілдерін дамыту, | **Тақырыбы:** «Менің күнім»<br>**Міндеті:** Уақыттың өлшемдері туралы минут, сағат, тәулік апта, ай, жыл. Тәулік бөліктерінің ретімен алмасып отыруы, апта күндерінің аттарын ретімен атау, күн тәртібін сақтаудың маңызы туралы білімдерін бекіту. Өзінің іс әрекеттін уақыт бойынша дұрыс жоспарлау дағдысын қалыптастыру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | пішіндерге қайта келтіру, қағаздан кесек орамдар жасай білуге үйрету. Ұқыптылыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. | саусақтың ұсақ бұлшық еттерінің қозғалысын жетілдіру. Табиғатты аялауға, сүйіспеншілікке тәрбиелеу.<br><br>**Музыка** | |

**Желтоқсан айы**

**Өтпелі тақырып:** «Жайнай бер, Қазақстаным»

**Мақсаты:**Балаларды еліміздің рәміздерін қастерлеуге, туған елге, жерге деген сүйіспеншіліктерін арттырып, имандылық, адамгершілік тәрбиесіндегі үлгі-өнеге сөздерді үйретіп, Отанды сүюге тәрбиелеу, елді қорғауға баулу.

| **Апта** | **«Денсаулық» -3**<br>Дене шынықтыру -3 | **Коммуникация-2,5**<br>Сөйлеуді дамыту-1<br>Көркем әдебиет -1<br>Орыс тілі -0,5 (I;III) | **Таным- 2.5**<br>Математика негіздері-1<br>Жаратылыстану-1<br>Құрастыру-0,5 (II-IV) | **Шығармашылық- 3,5**<br>Сурет салу-1<br>Жапсыру-0,5 (II;IV)<br>Мүсіндеу-0,5 (II;IV)<br>Музыка – 1,5 (I;III) | **Әлеумет-0.5**<br>Қорш. орта тан.-0,5 (II;IV) |
|---|---|---|---|---|---|
| **I апта** | **Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы:** «Біз көңілді балалар»<br><br>**Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы:** «Ерекше орындықтар»<br><br>**Дене шынықтыру (т.а.)**<br>**Тақырыбы:** «Достармен ойнау» | **Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы:** «Қыс» (өлеңді жаттау) Абдірахман Асылбеков<br>**Міндеті:** «Қыс» өлеңін мәнерлеп оқып, мазмұын ашу. Балаларға табиғат көріністерін сипаттауды, қыс қызықтарын айтқызып үйрету. Өлең шумақтарын жаттату, сөздік қорларын молайту. Табиғаттың әдемілігін сезіне білуге тәрбиелеу. | **Математика негіздері**<br>**Тақырыбы:** 4 саны мен цифры. Үлкен-кішкентай.<br>**Міндеті:** 4 цифрымен таныстыру. «Үлкен», «кіші», «кішкентай» сөздерін пайдалана отырып, заттарды көлеміне қарай сәйкестендіруді үйрету. Тапсырманы тиянақты орындауға тәрбиелеу**.**<br><br>**Жаратылыстану** | **Сурет салу**<br>**Тақырыбы:** «Менің сүйікті ертегім»<br>**Міндеті:** Балаларды сурет салғанда ертегілер сюжетін, өздері ұнататын кейіпкерлерге тән сипаттарды бере білуге баулу, түрлі тәсілдермен бейнелеу дағдыларын нығайту, бейнелік елес, қиялды дамыту, бауырмалдыққа, достыққа, бір-біріне деген | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы:** «Қыс» (сурет бойынша әңгіме құрау)<br>**Міндеті:** Балаларды хабарлы сөйлемді қолдана отырып, сурет мазмұнына қарай әңгіме құрауға үйрету. Саусақ моторикасын дамыту, дыбыстарды дұрыс айтуға дағдыландыру ; балаларды айтылған ойды тыңдауға және ұғынуға, әңгімеге араласып, өз ойын ауызша жеткізуге баулу. Өз еліне деген сүйіспеншілігін арттыру, елін, жерін сүюге тәрбиелеу.<br><br>**Орыс тілі**<br>**Тема:** «Моя Родина - Казахстан» | **Тақырыбы:** «Бөлме өсімдіктері»<br>**Міндеті:** Бөлме өсімдіктерінің түрлерін ажырату және атай білуге үйрету. Тәжірибе жұмыстарын жүргізуге қызығушылығын, заттарды салыстыра білу дағдыларын дамыту. Балалар ұжымында достық қарым-қатынасты тәрбиелеу. | қамқорлыққа тәрбиелеу.<br><br>**Музыка** | |
| **II апта** | **Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы:** «Дербестікке үйренеміз»<br><br>**Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы:** «Көңілді тышқандар»<br><br>**Дене шынықтыру (т.а.)**<br>**Тақырыбы:** «Епті болуға үйренейік» | **Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы:** Тәуелсіз Қазастан (өлеңмен таныстыру) Оразақын Асқар<br>**Міндеті:** «Тәуелсіз Қазақстан» өлеңін оқып, сөздердің мағыналарын түсіндіру. Өлең арқылы туған елге, жерге деген сүйіспеншіліктерін арттыру. Отанды, елді қорғауға тәрбиелеу. | **Математика негіздері**<br>**Тақырыбы:** 4 саны мен цифры. Логикалық есептер.<br>**Міндеті:** 4 саны мен цифры туралы өткенді пысықтау. Ойлау қабілеттерін дамыту. Табиғатқа деген сүйіспеншіліктерін арттыру.<br><br>**Жаратылыстану** | **Сурет салу**<br>**Тақырыбы:** «Қолғап»<br>**Міндеті:** Қазақ халқының ұлттық киімдері мен заттары туралы білімдерін кеңейту және қолданылу мүмкіншіліктерін ажыратуға үйрету, ою-өрнекті қолдана отырып қолғапты сәндеуге үйрету, эстетикалық талғамдарын дамыту, жинақылық пен ептілікке тәрбиелеу. | **Қоршаған ортамен танысу**<br>**Тақырыбы:** «Байланыс құралдары»<br>**Міндеті:** Байланыс құралдарының қазіргі замандағы рөлімен таныстыру. Байланыс құралдары мен акрпарат құралдарының айырмашылығы мен ұқсастығын таба білу, байланыс құралдарының |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы:** «Ц» және «Ч» дыбыстары (сөйлеу мәдениеті)<br>**Міндеті:** Балаларға «Ц» және «ч» дыбыстарының артикуляциясын буындар мен сөздерде көрсету. Тыныс ала дыбыстауды, дауыс күші мен екпінін өзгерте білуді, ақырын не қатты, баяу не тез сөйлеуді, дыбыстық қабылдауды жетілдіру; еркін қарым-қатынас дағдысын дамыту. Көпшілік орындарда өздерін ұстай білу мәдениетін қалыптастыру. | **Тақырыбы:** Өсімдіктерге қалай күтім жасау керек?»<br>**Міндеті:** Балаларды жанды табиғат бұрышындағы өсімдіктерді күтуге қатыстыру. Көзбен қабылдау, фонематикалық есту қабілетін, есте сақтау қабілетін, зейінін дамыту. Еңбексүйгіштікті және тірі табиғат нысандарына қамқор көзқараста болуға тәрбиелеу.<br><br>**Құрастыру**<br>**Тақырыбы:** «Мерекелік ашық хаттар»<br>**Міндеті:** қағаздан құрастыруға үйрету, қағаздың тікбұрышты парағын қос бүктеу, бұрыштарды және тараптарды біріктіру, пішініне сәйкес әшекейлей білуге үйрету. Жақындарына сыйлық жасау арқылы құрмет көрсете білуге тәрбиелеу. | **Жапсыру**<br>**Тақырыбы:** «Қысқы орман»<br>**Міндеті:** Бейнелерді жырту әдісі арқылы жасауға үйрету, жыл мезгілдері туралы түсініктерін кеңейту, суретке қарап шағын әңгіме құрастыру дағдыларын қалыптасытыру. Қоршаған ортаға деген сүйіспеншіліктерін дамыту, саусақ қимылдарын жетілдіру. Табиғатты сүюге, қорғауға тәрбиелеу.<br><br>**Мүсіндеу**<br>**Тақырыбы:** «Балапан»<br>**Міндеті:** жеке бөлшектерді біріктіре отырып, тауықтың балапанын мүсіндеуді үйрету; балалардың мүсіндеуге деген қызығушылықтарын арттырып, ермексаздан түрлі пішіндерді жасау дағдыларын дамыту; эстетикалық талғамдарының жоғары болуына жағдай жасау; тілдерін дамыту, | қызметтері туралы түсініктерін кеңейту. Адамдармен телефон арқылы қарым-қатынас жасау барысында әдептілікті сақтауға, мәдениетті болуға, дұрыс жауап беруге баулу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | саусақтың ұсақ бұлшық еттерінің қозғалысын жетілдіру. Балаларды үй құстарына қамқор болуына, мейірімділікке тәрбиелеу.<br><br>**Музыка** | |
| **III апта** | **Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы:** «Құртақанға күлуді үйретейік»<br><br>**Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы:** «Ағаларымыз сияқты күшті болайық»<br><br>**Дене шынықтыру (т.а.)**<br>**Тақырыбы:** «Ойнай жүріп, есте сақтауды дамытамыз» | **Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы:** «Жаңа жыл келді» (өлеңді жаттау) Сағи Жиенбаев<br>**Міндеті:** Өлеңді дауыс ырғағын келтіре оқи отырып, мазмұнын әңгімелеуде өз ойын қиялымен ұштастыра айтуға баулу. Балалардың мерекелік көңіл күйлерін көтере отырып жаттату.<br><br>**Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы:** Қонақтарды күтеміз<br>**Міндеті:** Заттарды топтастыра суреттеуге үйрету, (ыдыстар: асүйлік, асханалық). Сөздік қорды жаңа сөздермен байыту, олардың атқару қызметін ұғындыру. «Ы» дыбысына артикуляциялық жаттығу жасату; қарым-қатынас дағдыларын жетілдіруді жалғастыру. | **Математика негіздері**<br>**Тақырыбы:** Сандарды салыстыру. Алыс-жақын.<br>**Міндеті:** 1, 2, 3, 4 цифрлары туралы білімдерін бекіту. Сандарды салыстыру дағдыларын қалыптастыру. Тапсырманы тиянақты орындауға тәрбиелеу.<br><br>**Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы:** «Терезе алдындағы бақша»<br>**Міндеті:** Өсімдіктерді бөлме жағдайында өсіру туралы түсініктерін жүйелеу. Қарапайым дербес тәжірибе іс-әрекеттерін ұйымдастыру арқылы балалардың түсініктерін дамыту. Бақылау үдерісінде экологиялық ой-пайымдауларын тәрбиелеу. | **Сурет салу**<br>**Тақырыбы:** «Мерекелік отшашу»<br>**Міндеті:** Балаларға салтанатты шерудің мәнән түсіндіру, мерекелер туралы білімдерін одан әрі жетілдіру. Шығармашылық қиялдарын, көркемдік талғамдарын дамыту, ұқыптылық пен жинақылыққа тәрбиелеу.<br><br>**Музыка** | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | Қонақжайлылыққа тәрбиелеу.<br><br>**Орыс тілі**<br>**Тема:** «Независимый Казахстан (гос. символика РК)» | | | |
| **IY апта** | **Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы:** «Біздің шағын стадион»<br><br>**Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы:** «Қуыршақтар дүкені»<br><br>**Дене шынықтыру (т.а.)**<br>**Тақырыбы:** «Қысқы ойындар» | **Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы:** «Мысық, Әтеш және Түлкі» (ертегі)<br>**Міндеті:** Ертегінің мазмұнын таныстыра отырып, жағымды-жағымсыз кейіпкерлерді өздігінен ажырата білуге үйрету. Ертегіге деген қызығушылығын арттырып, ойын қиялын дамыту. Ертегі арқылы жануарларға қамқор болуға тәрбиелеу.<br><br>**Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы:** «Айлакер түлкі» орыс халық ертегісін сахналау<br>**Міндеті:** Сөйлеу мәнерін қалыптастыру. Сахналау қойылымына атсалысуға ықылас білдіруді, сөйлеу мәнерінің көркемдік әдіс-тәсілдерін (дауыс ырғағы, ымдау, қимыл-қозғалыс, дауыс құдіреттілігі, интонация) қолдануды дамыту; халық ауыз | **Математика негіздері**<br>**Тақырыбы:** Заттың санын цифрмен сәйкестендіру. Жоғарыда-төменде, сол жағында- оң жағында. Шаршы.<br>**Міндеті:** цифрды заттың санымен сәйкестендіруге үйрету. Кеңістіктік қатынастар (сол жағында, оң жағында, үстінде, алдында, ортасында) туралы ұғымдарын қалыптастыру. Тапсырманы тиянақты орындауға тәрбиелеу.<br><br>**Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы:** «Біздің өлкеге қыс келді»<br>**Міндеті:** Қыс мезгіліндегі табиғат құбылыстарын бақылау дағдыларын дамыту. Құрдастарымен және ересектермен еркін қарым-қатынас барысында танымдық-зерттеушілік іс-әрекет дағдыларын дамыту. | **Сурет салу**<br>**Тақырыбы:** «Жаңа жыл мерекесі»<br>**Міндеті:** Жаңа жыл мерекесі туралы түсінік беру. Қиялдау, елестету дағдыларын дамыту. Бауырмалдыққа, армандай білуге тәрбиелеу.<br><br>**Жапсыру**<br>**Тақырыбы:** «Қысқы түн»<br>**Міндеттері:** Қысқы табиғат көріністерін әңгімелей білу дағдыларын жетілдіру. Жапсырудың әдіс-тәсілдерін үйрету, өз беттерімен жұмыс істей білу қабілеттерін арттыру. Табиғатты сүюге, қорғауға, ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br><br>**Мүсіндеу**<br>**Тақырыбы:** «Шырша әні»<br>**Міндеті:** адам бейнесін мүсіндеу дағдыларын | **Қоршаған ортамен танысу**<br>**Тақырыбы:** «Менің Отаным – Қазақстан!»<br>**Міндеті:** Отан деген сөздің мағынасын түсіндіру. Өзінің отаны туралы әңгімелеп айтуға үйрету, зейіндерін дамыту. Туған жерін, Отанын сүюге үйрету. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | әдебиетіне деген қызығушылықтарын арттыру. Шыншылдыққа, адамгершікке тәрбиелеу. | Туған өлкенің табиғатымен қарым-қатынаста адамгершілік-эстетикалық сезімдерін тәрбиелеу.<br><br>**Құрастыру**<br>**Тақырыбы:** «Кірпі»<br>**Міндеті:** табиғи материалдармен құрастыру дағдыларын қалыптастыру, орман аңдары туралы білімдерін бекіту, табиғи материалдарды тиімді пайдалануға үйрету. | арттыру; композиция құрастыра білуге үйрету; топта жұмыс істей білу дағдыларын дамыту; ұқыптылыққа тәрбиелеу; тілдерін дамыту, саусақтың ұсақ бұлшық еттерінің қозғалысын жетілдіру. Мерекелік көңіл күйлерінің көтеріңкі болуына ықпал жасау. Әдемілікке, ұйымшылдыққа, ұжыммен жұмыс істей алуға тәрбиелеу.<br><br>**Музыка** | |

**Қаңтар айы**

**Өтпелі тақырып:** «Алақай, қыс келді!»

**Мақсаты:** Балалардың қимыл әрекетін ұйымдастыра отырып, ересектермен, балалармен еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын дамыту. Қысқы табиғатта өзін ұстай білу ережелері мен тірі және өлі табиғат объектілеріне деген ұқыпты қарым-қатынасын дамыту. Эстетикалық талғамдарын жетілдіру.

| Апта | «Денсаулық» -3<br>Дене шынықтыру -3 | Коммуникация-2,5<br>Сөйлеуді дамыту-1<br>Көркем әдебиет -1<br>Орыс тілі -0,5 (I;III) | Таным- 2.5<br>Математика негіздері-1<br>Жаратылыстану-1<br>Құрастыру-0,5 (II-IV) | Шығармашылық- 3,5<br>Сурет салу-1<br>Жапсыру-0,5 (II;IV)<br>Мүсіндеу-0,5 (II;IV)<br>Музыка – 1,5 (I;III) | Әлеумет-0.5<br>Қорш. орта тан.-0,5 (II;IV) |
|---|---|---|---|---|---|
| **I апта** | **Дене шынықтыру** | **Көркем әдебиет** | **Математика негіздері** | **Сурет салу** | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Тақырыбы:** «Ерекше сайыс»<br><br>**Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы:** «Құртақандармен ойнаймыз»<br><br>**Дене шынықтыру (т.а.)**<br>**Тақырыбы:** «Біз өсіп келеміз» | **Тақырыбы:** Әкесі мен балалары (әңгімелеу) Лев Толстой<br>**Міндеті:** Сурет бойынша әңгіменің мазмұнын мәнерлеп жеткізу. Көркем шығарманы тыңдауға деген қызығушылығын арттыру және мазмұнын түсіне отырып әңгімені аяқтауға дағдыландыру. Татулыққа, достыққа тәрбиелеу.<br><br>**Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы:** Аязатаны біз қалай қарсы алдық? (Өз тәжірибесінен әңгімелеу)<br>**Міндеті:** Өз тәжірибесіне сүйене отырып, әңгімелеуге үйрету. Балалардың айтылған ойды тыңдауға және ұғынуға, әңгімеге араласып, сұрау және сұраққа жауап беру біліктерін дамыту; ересектермен қарым-қатысты жетілдіру. Бір-біріне жақсылық тілеуге тәрбиелеу.<br><br>**Орыс тілі**<br>**Тема:** «Зимняя пора» | **Тақырыбы:** 5 цифры мен саны. Сол жағында, ортасында, оң жағында.<br>**Міндеті:** 5 цифрымен таныстыру; кеңістікте бағдарлай алу заттың орналасқан орнын анықтау және сөзбен баяндау (сол жақта, оң жақта, алдында, артында); логикалық жұмбақтарды шешуге үйрету; жануарларға деген сүйіспеншіліктерін арттыру.<br><br>**Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы:** «Құстарға қыста қамқор бол»<br>**Міндеті:** Өлкеде қыстап қалатын құстар туралы түсініктерін қалыптастыру. Балалардың есте сақтау қабілетін, логикалық пайымдауын, шығармашылық қиялын дамыту. «Қыстап қалатын құстарға қамқор болу керек» деген көзқарастарын қалыптастыру. | **Тақырыбы:** «Аяз ата»<br>**Міндеті:** Аяз атаның бейнесін салуды үйрету. Балалардың мейірімділік пен сүйіспеншілік сезімін оята отырып, Жаңа жыл кешінің аса сыйлы қонағы – Аяз атаның қалай пайда болғанымен таныстыру. Таза, ұқыпты жұмыс жасауға тәрбиелеу.<br><br>**Музыка** | |
| **II апта** | **Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы:** «Наурызым | **Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы:** Жақсы мен | **Математика негіздері**<br>**Тақырыбы:** 5 саны мен | **Сурет салу**<br>**Тақырыбы:** «Мерекелік | **Қоршаған ортамен танысу** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қорығы»<br><br>**Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы:** «Сиқырлы асық»<br><br>**Дене шынықтыру (т.а.)**<br>**Тақырыбы:** «Шаңғымен жүру» | жаман (өлеңді жаттау) Рақым Тышқанбаев<br>**Міндеті:** Өлеңді мәнерлеп оқу, мазмұнын ашу. Өлең жолдары арқылы жақсы мен жаманды ажырата білуін меңгерту. Балалардың шығармашылық қабілетерін дамыту, жақсылық пен жамандық туралы өз ойларын ашып айта білуге баулу. Жақсы болып өсуге тәрбиелеу.<br><br>**Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы:** Қыс қызығы (Сурет бойынша әңгімелеу)<br>**Міндеті:** Балаларды сурет бойынша әңгіме құрауға үйретуді жалғастыру, балаларды синони сөздерді айта білуге жаттықтыру. Ойлау қабілеттерін, ауызша сөйлеуін дамыту. Ұйымшылдыққа, достыққа тәрбиелеу. | цифры. Не неге ұқсайды? Кеңістікті бағдарлау.<br>**Міндеті:** цифры туралы алған білімдерін бекіту. Айналадағы заттардың сұлбасынан геометриялық пішіндерді табуға үйрету. Тапсырманы тиянақты орындауға тәрбиелеу.<br><br>**Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы:** «Кішкентай достарымыз»<br>**Міндеті:** Адамдардың қамқорлығында өмір сүріп жатқан жануарлар туралы қарапайым түсініктерін қалыптастыру. Үй жануарларына күтім жасай білу дағдыларын дамыту. «Жануарларға қамқор болу керек» деген көзқарастарын қалыптастыру.<br><br>**Құрастыру**<br>**Тақырыбы:** «Біздің қаладағы көше»<br>**Міндеті:** құрылыс материалдарының негізгі бөліктерін, олардың бөлшектерін атауға үйрету, көлемі, түсі бойынша ажырата білуге баулу, құрылыс материалдарынан қала | дастархан»<br>**Міндеті:** Қазақтың дастарханы, қонақ күту рәсімі туралы түсініктерін жетілдіру. Іс – әрекет барысында өз ойын толық жеткізе әңгімелеу арқылы тілін дамыту. Ой – қиялын ұштауға ықпал ету. Әдемі дастарханды әшекейлеу арқылы көркемдік талғамын қалыптастыру. Әсемдікті, сұлулықты сезіне білуге тәрбиелеу.<br><br>**Жапсыру**<br>**Тақырыбы:** «Мысық»<br>**Міндеті:** Мысықты жапсыру барысында төзімділік пен ұқыпты жұмыс жасау дағдыларын жетілдіру. Әңгіме барысында танымдық белсенділігін арттыру, ойлауын, қиялын дамыту. Жан-жануарларға қамқор бола білуге тәрбиелеу.<br>**Мүсіндеу**<br>**Тақырыбы:** «Аққала»<br>**Міндеті:** ермексазды алақанға салып айналдырып, әртүрлі көлемдегі домалақтар жасау және оларды өзара біріктіруді үйрету; аққала жасауда әртүрлі | **Тақырыбы:** «Еліміздің ірі қалалары»<br>**Міндеті:** Еліміздің ірі қалалары туралы мағлұмат беру, олардың көрікті жерлерімен таныстыру. Қала мен ауылдың айырмашылығын түсіндіру. Еліміздің ірі қалалары туралы білімдерін кеңейту. Туған елге сүйіспеншілік сезімдерін ояту, отансүйгіштікке тәрбиелеу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | көшелерін құрастыруға және құрылысты безендіру үшін түрлі түсті бөлшектерді пайдалана білуге үйрету**.** | материалдарды қолдана білуге баулу; саусақтың ұсақ бұлшық еттерінің қозғалысын жетілдіру; балалардың тілін дамыту және сөздік қорын молайту. Табиғатқа деген қызығушылықтарын арттыру, табиғатты аялауға тәрбиелеу.<br><br>**Музыка** | |
| **III апта** | **Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы:** «1,2,3 ойыншықтарға жан бітті!»<br><br>**Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы:** «Сиқырлы дорба»<br><br>**Дене шынықтыру (т.а.)**<br>**Тақырыбы:** «Шаңғымен сырғанап жүреміз» | **Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы:** Маша мен аю (орыс халық ертегісі)<br>**Міндеті:** Ертегіні таныстыруда балалардың ертегіге деген қызығушылығын арттыру. Оның мазмұнын, мағынасын түсініп, өз ойымен жеткізе білуге үйрету. Ойын қиялымен ұштастыруға, кейіпкерлерді өздігінен ажырата білуге дағдыландыру. Балаларды адамгершілікке тәрбиелеу.<br><br>**Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы:** Ұзын құлақ ақ қоян (Кескін бойынша қоян жайлы әңгіме құрау)<br>**Міндеті:** Үлгі бойынша бейнелік сипатты әңгіме құрауға үйрету. Сөздің | **Математика негіздері**<br>**Тақырыбы:** Реттік санау. Оң жақта, сол жақта, ортасында.<br>**Міндеті:** реттік санаумен таныстыру; кеңістікте бағдарлай алу (оң жақта, сол жақта, ортасында). Зейіндерін дамыту.<br><br>**Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы:** «Жабайы жануарлардың қысқы тіршілігі»<br>**Міндеті:** Жабайы жануарлардың сыртқы түрі мен тіршілік қалпы туралы түсініктерін кеңейту. Жанды табиғатқа қызығушылықтарын, бастамаларын, жауапкершіліктерін қалыптастыру. Көзбен | **Сурет салу**<br>**Тақырыбы:** «Қыстағы жапырақсыз аққайың»<br>**Міндеті:** Қыстағы жапырақсыз аққайың бейнесін бере білуді үйрету. Жапырақсыз ағашты салу техникасымен таныстыру, эстетикалық талғамдарын дамыту. Табиғатқа деген сүйіспеншілікке, қамқорлық жасауға тәрбиелеу.<br><br>**Музыка** | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | түрленуіне жаттықтыру. Балалардың тілдік қорын дамыту, байыту. Жан-жануарларды қамқорлыққа алуға тәрбиелеу.<br><br>**Орыс тілі**<br>**Тема:** «Зимняя одежда» | қабылдау, фонематикалық есту қабілетін, есте сақтау қабілетін, зейінін дамыту. Құрдастарының жауаптарын тыңдай білуге және жануарларға қамқорлық көрсете білуге тәрбиелеу. | | |
